

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 547-IV Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында 15-тараудың 352-бабының тақырыбы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«352-бап. Көрінеу жалған жауаптар беру, сарапшының, маманның жалған қорытындылары немесе қате аудару»;

2) 242-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«екі жүзден бес жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

3) 3 5 2 - б а п т а :

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«352-бап. Көрінеу жалған жауаптар беру, сарапшының, маманның жалған қорытындылары немесе қате аудару»;
бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «жауап беруі» деген сөздер «жауаптар беруі» деген сөздермен, «сарапшының көрінеу жалған қорытынды беруі» деген сөздер «сарапшының, маманның көрінеу жалған қорытындылар беруі» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9 құжат; № 2, 19, 28 құжаттар; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 65-баптың екінші бөлігінің 3) тармағы алып тасталсын;

2) 8 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:
«1-1. Сотқа дейінгі іс жүргізуде зерттеу жүргізу және қорытынды алу қажет болған кезде Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары уәкілетті бөлімшесінің қызметкері маман ретінде тартылуы мүмкін.
Тараптар маманның қорытындысымен келіспеген кезде қылмыстық процесті жүргізуші орган сараптама тағайындайды.»;
екінші бөлік «салыстырма зерттеулерді қоспағанда,» деген сөздерден кейін «осы

баптың 1-1-бөлігінде көзделген жағдайлардан басқа,» деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші бөлік «түсініктеме беруге» деген сөздерден кейін «, ал осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген жағдайда зерттеу жүргізуге және қорытынды беруге» деген сөздермен толықтырылсын ;

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:
«Көрінеу жалған қорытынды берген жағдайда маман заңда белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.»;

3) 115-баптың екінші бөлігіндегі «сарапшының қорытындысымен» деген сөздер «сарапшының, маманның қорытындыларымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 116-баптың үшінші бөлігіндегі «сарапшының қорытындысын» деген сөздер «сарапшының, маманның қорытындыларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 137-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«137-бап. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды қамауда ұстаудың тәртібі

Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандар уақытша ұстау изоляторларында ұсталады. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған әскери қызметшілер мен жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтеп жүрген адамдар тиісінше гаупвахталарда және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде де ұсталуы мүмкін. Осы Кодекстің 65-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталғандар анықтау органының бастығы айқындайтын арнайы бейімделген үй-жайларда ұсталады. Қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды қамауда ұстаудың тәртібі мен шарттары заңнамада айқындалады.»;

6) 142-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Айрықша жағдайларда осы Кодекстің 139-бабында көзделген негіздер болған кезде және 141-бабында көрсетілген мән-жайлар ескеріле отырып, бұлтартпау шаралары күдіктіге қатысты қолданылуы мүмкін. Бұл ретте айыптау күдіктіге бұлтартпау шарасы қолданылған кезден бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 163, 168, 169, 171, 233 – 237 және 241-баптарында көзделген қылмыстардың ең болмағанда біреуі жасалған жағдайларда – отыз тәуліктен кешіктірілмей, ал егер күдікті адам ұсталып, содан кейін қамауға алынса, - ұсталған кезден бастап дәл сондай мерзімде тағылуға тиіс. Егер бұл мерзімде айып тағылмаса, бұлтартпау шарасының дереу күші жойылады.»;

7) 201-бап мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«6. Осы Кодекстің 233-бабы үшінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, 222-бабының он екінші және он үшінші бөліктерінде, 230, 233-баптарында көзделген тергеу іс-әрекеттерін жүргізген кезде куәгерлерді тарту

м і н д е т т і

б о л а д ы .

Қалған тергеу іс-әрекеттері куәгерлердің қатысуынсыз, бірақ барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

Барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып айқындайды.»;

8) 2 2 2 - б а п т а :

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он екінші және он үшінші бөліктерінде көзделген жағдайда – куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

тоғызыншы бөліктегі «тергеуші мен куәгерлердің» деген сөздер «тергеушінің және куәгерлер тартылған кезде олардың» деген сөздермен ауыстырылсын.»;

9) 223-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацындағы «куәгерлердің көзінше,» деген сөздер алып тасталсын;

10) 226-баптың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Куәландыруды тергеуші дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен жүргізіледі.

4. Егер куәландыруда адамның денесі жалаңаштандырылатын болса, онда тергеуші жынысы басқа адамды куәландыру кезінде қатыспайды. Бұл жағдайда куәландыруды сот медицинасы саласындағы маман немесе дәрігер жүргізеді.»;

11) 229-баптың оныншы және он бірінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Тану үшін көрсету оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізіледі.

11. Танушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ дауыс, сөйлеу, жүріс ерекшеліктері бойынша тану кезінде адамды тану үшін көрсету танушыны танылатын адамның көріп байқауын болдырмайтын жағдайда жүргізілуі мүмкін. Танушыға тану үшін көрсетілген адамдарды жеткілікті көріп байқау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.»;

1 2) 2 3 2 - б а п т а :

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Тінту куәгерлердің қатысуымен, ал қажет болған жағдайларда маманның және аудармашының қатысуымен жүргізіледі.

Алу оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі, қажет болған кезде маман және аудармашы т а р т ы л у ы м ү м к і н . » ;

он төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Тінту кезінде алып қойылатын заттар мен құжаттар куәгерлерге және қатысып

отырған басқа да адамдарға көрсетіледі, тінту орнында буып-түйіледі және мөрмен бекітіледі және куәгерлер мен бұған қатысып отырған адамдардың қол қоюымен к у ә л а н д ы р ы л а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 14-1-бөлікпен толықтырылсын:

«14-1. Алу кезінде алып қойылатын заттар мен құжаттар қатысып отырған адамдарға көрсетіледі, алу орнында буып-түйіледі және мөрмен бекітіледі және бұған қатысып отырған басқа адамдардың қол қоюымен куәландырылады.»;

13) 235-баптың төртінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұсталған почта-телеграф жөнелтілімдерін қарап-тексеруді, алуды және көшірмесін түсіруді тергеуші байланыс мекемесінде оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып жүргізеді.»;

14) 238-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар қолданыла отырып, қажет болған жағдайларда маманның қатысуымен жүргізіледі.»;

15) 239-баптың екінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тергеу эксперименті оның барысы мен нәтижелерін тіркеп тұратын техникалық құралдар міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.»;

1 6) 2 8 5 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ішкі істер органдары анықтауды Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 104, 107 (бірінші бөлігінде), 108, 109, 110, 115, 116 (бірінші және екінші бөліктерінде), 117 (бірінші және екінші бөліктерінде), 118, 119, 123, 126 (бірінші бөлігінде), 128 (бірінші бөлігінде), 132 (бірінші бөлігінде), 134-137, 139, 140, 141 (бірінші бөлігінде), 142 (бірінші бөлігінде), 144, 145 (бірінші және екінші бөліктерінде), 175 (бірінші бөлігінде), 178 (бірінші бөлігінде), 181 (бірінші бөлігінде), 183 (бірінші бөлігінде), 185 (бірінші бөлігінде), 186 (бірінші бөлігінде), 187 (бірінші бөлігінде), 230 (бірінші бөлігінде), 251 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 252 (бірінші және төртінші бөліктерінде), 253, 254 (бірінші бөлігінде), 257 (бірінші бөлігінде), 258, 261 (бірінші бөлігінде), 262, 263 (бірінші және екінші бөліктерінде), 265, 266, 270, 271 (бірінші бөлігінде), 272-274, 275 (бірінші бөлігінде), 275-1 (бірінші бөлігінде), 276, 287 (бірінші бөлігінде), 288 (бірінші бөлігінде), 290, 291, 292 (бірінші бөлігінде), 293, 296, 297, 298 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 300 (бірінші бөлігінде), 302 (бірінші бөлігінде), 317, 320 (бірінші бөлігінде) 323, 324, 326, 327 (бірінші және екінші бөліктерінде), 328, 329, 330-1, 330-2, 330-3, 332-334, 339 (бірінші бөлігінде), 342, 358 (бірінші бөлігінде), 359, 360 (бірінші бөлігінде), 362-баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жүргізеді.»;

алтыншы бөлік алып тасталсын;

17) 297-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер белгілі бір соттың барлық судьяларына бөгет болып отырған жағдайларға байланысты сол соттың істі қарауға мүмкіндігі болмаса, сондай-ақ істің жан-жақты және объективті түрде қаралуын қамтамасыз ету мақсатында не басқа сотқа беру сот процесіне қатысушылардың жеке қауіпсіздігіне төнген нақты қатермен байланысты болғанда іс тараптың өтініші, судьяның немесе сот төрағасының ұсынуы бойынша бір соттан сол деңгейдегі басқа соттың қарауына берілуі мүмкін.»;

18) 453-бап мынадай мазмұндағы 5-2) тармақпен толықтырылсын:

«5-2) жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін немесе бала шетінеген жағдайда, не жүктілігі үзілген жағдайда жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабының үшінші бөлігі);»;

19) 454-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы (осы Кодекстің 453-бабының 3-1-тармағы), шартты түрде соттаудың күшін жою туралы мәселелерді және осы Кодекстің 453-бабының 1-1, 5 және 5-2-тармақтарында көзделген басқа да мәселелерді сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша аудандық және оған теңестірілген сот шешеді.».

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 19-2-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында қоғамдық байқау комиссиясының кемінде екі мүшесі құрамында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган) белгілеген тәртіппен кедергісіз болуға;»;

2) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен өзге де адамдардың жазаны атқарушы мекемелерде, тергеу изоляторларында сол мекемелер әкімшілігінің немесе

қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының арнаулы рұқсаты бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен болуға құқығы бар.»;

3) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Негізгі жаза ретінде белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі, сондай-ақ негізгі жазаға қосымша ретінде айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, сондай-ақ шартты соттау кезіндегі жазаның атқарылуын ұйымдастыруды сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырады.»;

4) 30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны тізімдерін қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқару органдары, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері тоқсан сайын сотқа ұсынатын объектілерде сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен атқарады.»;

5) 36-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Түзеу жұмыстары сотталған адамның негізгі жұмыс орны бойынша өтеледі. Түзеу жұмыстарын орындау жөніндегі қылмыстық-атқару инспекциясының қызметін ұйымдастыру тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

6) 46-баптың 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қылмыстық-атқару инспекцияларының қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарынан туындайтын талаптарын орындауға.»;

7) 52-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кейін жасалған әрбір тәртіп бұзушылық алдыңғысына жаза тағайындалғаннан кейін жасалған жағдайда, тұрғылықты жеріне, жұмыс немесе оқу орнына келудің белгіленген кестесін бұзу, өзіне сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару, электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзу (бүлдіру), сондай-ақ сол үшін әкімшілік жаза қолданылған сотталған адамның қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлғаға және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар аясына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасау жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзушылық болып табылады.»;

8) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерді қадағалау

қылмыстық-атқару инспекциясымен жүзеге асырылады және сотталған адамдарды олардың тұратын жері мен жұмыс орны бойынша, сондай-ақ жұмыстан бос уақытында байқау және бақылау жасаумен қамтамасыз етіледі. Тиісті бақылауды қамтамасыз ету және сотталған адамдардың жүрген жері туралы ақпарат алу үшін қылмыстық-атқару инспекциялары Қазақстан Республикасының Үкіметі түрлерін айқындайтын электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы. Оларды қолдану тәртібі мен қылмыстық-атқару инспекциясының қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Сотталған адамға бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу кезінде оны ішкі істер органдары соттың санкциясымен жазаны өтеуден жалтарудың жолын кесу және материалдарды сотқа беру мақсатында он тәулікке дейінгі мерзімге ұстауы мүмкін.

3. Жазаны өтеуден әдейі жалтарушы сотталған адамды ішкі істер органы жалтару себептерін анықтау үшін соттың санкциясымен он тәулікке дейінгі мерзімге ұстауы мүмкін. Қажет болған жағдайда, ішкі істер органы ұсталған адамды жазаны өтеу орнына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар үшін белгіленген тәртіппен жібереді және жазаны өтеуден әдейі жалтарғаны туралы деректер болған кезде қылмыстық-атқару инспекциясы сотталған адамның бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін бас бостандығынан айыруға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін материалдарды сотталған адамның ұсталған жері бойынша сотқа береді.

4. Сотталған адам электрондық бақылау құралдарын бұзған (бүлдірген) жағдайда, қылмыстық-атқару инспекциясы тиісті акт жасайды.

5. Электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзған (бүлдірген) кезде сотталған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.»;

9) 56-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес сотталған адамды құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге де атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан немесе мемлекеттік наградадан айыру туралы шешім қабылдаған кезде тиісті мемлекеттік орган осы баптың 2-тармағында көрсетілген шараларды қолданады. Мемлекеттік наградаларды оларға қоса берілген құжаттармен бірге алып қоюды қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен олар болатын жердегі қылмыстық-атқару инспекциясы жүргізеді.»;

10) 70-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар тергеу изоляторларының әкімшілігі соттың үкімі заңды күшіне енгені туралы хабарламаны алған күннен бастап он күннен кешіктірілмей жазасын өтеуге жіберіледі. Осы мерзім ішінде сотталған

адамның туыстарымен немесе өзге адамдармен қысқа мерзімді кездесуге құқығы бар. Сотталған адамдарды түзеу мекемелеріне жіберу тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

11) 71-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Сотталған адамдардың орын ауыстыру тәртібі қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.»;

1 2) 7 7 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Түзеу мекемелерінде қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекітетін Ішкі тәртіп қағидалары қолданылады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының түзеу мекемелеріндегі сотталған адамдарға қадағалауды және тексерулер жүргізуді жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыру тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

13) 78-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің инженерлік-техникалық құралдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды, оларды пайдалану тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

14) 80-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ерекше жағдайлар режимі қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен келісілген шешімі бойынша отыз тәулікке дейінгі мерзімге енгізіледі. Ерекше жағдайлар режимін енгізу тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді. Айрықша реттерде ерекше жағдайлар режимінің қолданылу уақыты осы бапта айқындалған тәртіппен қосымша отыз тәулікке ұзартылуы мүмкін.»;

15) 84-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сотталған адамдарға өздерінің өтініші бойынша ұзақ кездесуді қысқа мерзімдісімен, ал тәрбиелеу колонияларында мекемеден тыс бірге тұрумен ұзақ кездесуді колониядан тысқары шығатын қысқа мерзімдісімен ауыстыруға рұқсат етіледі. Ауыстыру тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

16) 85-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сотталған адамдардың посылкаларды, сәлемдемелер мен бандерольдерді алу тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

17) 86-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сотталған адамдардың жіберетін және алатын хат-хабарына қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен цензура қолданылады.»;

18) 97-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сотталған адамдарға медициналық көмек көрсету, санитариялық қадағалауды ұйымдастыру мен жүргізу, денсаулық сақтау органдарының емдеу-профилактикалық және санитариялық-профилактикалық мекемелерін пайдалану және осы мақсаттар үшін олардың медицина қызметкерлерін тарту тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган мен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

19) 104-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сотталған адамдарға кәсіптік білім беруді және оларды кәсіптік даярлауды ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.»;

20) 105-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сотталған адамдармен тәрбие жұмысы түзеу мекемесінің түрі, жазалау мерзімі, ұстау жағдайлары, олардың жеке басының дара ерекшеліктері және олардың жасаған қылмыстарының мән-жайлары ескеріле отырып, қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен саралап жүргізіледі.»;

21) 106-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сотталған адамдармен тәрбие жұмысы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде дара, топтық және жаппай нысандарда ұйымдастырылады.»;

22) 107-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сотталған адамдардың өздігінен қызмет ету ұйымдарын құру мен олардың жұмысының тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

23) 108-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сотталған адамдардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуын ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.»;

24) 168-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеде көзделген, сотталған адамның мүгедектігі немесе сырқаты.»;

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160

-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар, № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында 558-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«558-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын медициналық қызметтері»;

2) 35-баптың 1-тармағындағы «, қылмыстық атқару жүйесі» деген сөздер алып тасталсын;

3) 558-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«558-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын медициналық қызметтері

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің санитариялық қадағалауды жүзеге асыратын медициналық қызметтері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалалары мен оқу орталықтарының аумақтарында орналасқан объектілерде және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне ведомстволық бағынысты объектілерде санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемияға қарсы қағидаларды бұзу туралы осы Кодекстің 323-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.».

5. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

256-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының ішкі істер, қаржы полициясы органдарында, мемлекеттік өртке қарсы қызметте, кеден органдарында, прокуратура органдарында қызметте тұрған, Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын адамдар жатады.».

6. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 60-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әскери-дәрігерлік сараптама Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі , басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы әскери қызметке немесе ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қаржы полициясы органдарындағы, кеден органдарындағы, прокуратура органдарындағы қызметке (бұдан әрі – әскери қызмет немесе ұлттық қауіпсіздік органдарындағы, құқық қорғау органдарындағы қызмет) денсаулық жағдайы бойынша жарамдылықты анықтау үшін, сондай-ақ азаматтардың әскери қызметті немесе ұлттық қауіпсіздік органдарындағы, құқық қорғау органдарындағы қызметті және әскери жиындарды өткерумен (міндеттерді орындаумен) байланысты ауруының, мертігуінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алуының) (бұдан әрі – мертігу) және қайтыс болуының себепті байланыстарын айқындау үшін жүргізіледі.»;

2) 107-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ішкі істер органдары қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінен босатылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын, ерікті емделуден жазбаша түрде бас тартқан азаматтарға соттың шешімімен мәжбүрлеп емдеу тағайындалады, бұл үшін түзеу мекемесінің әкімшілігі материалдарды босатылғанға дейін бір ай бұрын
с о т қ а ж і б е р е д і .

5. Мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы материалдарды олар келіп түскен күннен бастап бес күн мерзімде сот мәжбүрлеп емдеуге жіберілетін азаматтың және мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы ұсыныс енгізген денсаулық сақтау ұйымы немесе ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесі өкілінің қатысуымен қарайды.».

7. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж.,

№ 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы):

1) 2-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Ішкі әскерлердің міндеттері мыналар болып табылады:

1) маңызды мемлекеттік объектілерді және тасымалдау кезінде арнайы жүктерді к ү з е т у ;

2) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

3) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерін к ү з е т у ;

4) сотталған және қамауға алынған адамдарды айдап апару;

5) ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті сақтауға, қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзушылықтардың жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдайдың құқықтық режимін, терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу, терроризмге қарсы операция жүргізуге қатысу, төтенше жағдайлардың (дүлей зілзалалардың, ірі авариялар мен апаттардың) зардаптарын жоюға қатысу;

6) соғыс кезінде Қазақстан Республикасының аумағын қорғау жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;

7) заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу;

8) ерекше қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, терроризм актілерінің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу және тайталасушы тараптарды ажырату;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешу.»;

2) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Ішкі әскерлер жеке құрамының міндеттері

Ішкі әскерлердің жеке құрамына:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тізбесінде көзделген мемлекеттік маңызы

бар объектілерді, тасымалдау кезінде арнайы жүктерді және сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерін күзетуді қамтамасыз ету;

2) күзететін объектілердегі төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға қатысу;

3) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

4) сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің әскер күзететін түзеу мекемелерінен айырбастау пункттеріне және одан кері, сондай-ақ өндірістік объектілерге және одан кері айдап апару, бұл объектілерді оларда сотталған адамдар жұмыс істеген уақытта күзету;

5) сотталған және қамауға алынған адамдарды, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, облыстық және соларға теңестірілген соттардың, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың, сондай-ақ егер жауынгерлік қызмет атқару пункттерінде осы мақсат үшін айдап апаруға әдейі арналған әскер бөлімшелері болса, әскери соттардың сот отырыстарына олардың өтінімі бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларынан және одан кері айдап апару;

6) Ішкі әскерлер әскери бөлімшелерінің қоймаларын және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери қоймаларын (базаларын) күзету;

7) патрульдік-бекеттік қызметті атқару арқылы қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысу;

8) жаппай қоғамдық-саяси, спорттық және өзге шаралар өткізген кезде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу;

9) дүлей зілзалалардың, ірі авариялар мен апаттардың зардаптарын жою кезінде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз ету, төтенше жағдайдың құқықтық режимін сақтау;

10) ішкі істер органдарымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті жаппай және топтасып бұзушылықтардың, түзеу мекемелеріндегі жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, әскери қарауылдардың күзетінен қашқан адамдарды іздеуге қатысу және қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынған не аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарды іздеуге ішкі істер органдарына көмек көрсету;

11) Ішкі әскерлер бөлімдерінің арасында және міндеттер орындалатын аудандарға жеке құрамды, материалдық құралдарды, қару-жарақты, техниканы және басқа жүктерді тасымалдау;

12) жанжал ауданын оқшауландыру және онда тосқауыл қою;

13) заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданындағы халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіпті сақтау мен қауіпсіздікті күшейту жөнінде іс-шаралар жүргізу;

14) терроризмге қарсы операцияны жүргізуге және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу жүктеледі.»;

3) 22-баптың бірінші бөлігінде:

11) тармақшада «қолдану.» деген сөз «қолдану;» деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуге арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын қоспағанда, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың, сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру.»;

4) 37-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қылмыстық-атқару жүйесінің туберкулезге қарсы мекемелерінде қызмет атқаратын әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында медицина қызметкерлерінің осы санаты үшін белгіленген жеңілдіктер қолданылады.».

8. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., №13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат, № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; 2011 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар

1. Қазақстан Республикасы аумағында жедел-ізвестіру қызметін:

1) ішкі істер органдары;

2) ұлттық қауіпсіздік органдары;

3) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган;

4) Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары;

5) қаржы полициясы органдары;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;

7) кеден органдары жүзеге асырады.

2. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру органдарының тізбесі заңмен ғана өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.»;

2) 12-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жедел-іздістіру іс-шараларын қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органымен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасаса отырып жүргізуге құқылы.».

9. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 143-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 366-құжат; 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 782-құжат; 2001 ж., № 10, 121-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2003 ж., № 15, 131-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 94-құжат; 2009 ж., № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 11, 59-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1) 13-баптың бірінші бөлігіндегі «және Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің» деген сөздер алып тасталсын;

2) 14-баптың бірінші бөлігіндегі «және Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің» деген сөздер алып тасталсын;

3) 20-баптың бірінші бөлігіндегі «прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің» деген сөздер «Қазақстан Республикасы прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының» деген сөздермен ауыстырылсын.

10. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі істер органдарының міндеттері:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе соғыс жағдайы ахуалында қамтамасыз ету;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру;

- 3) құқық бұзушылық профилактикасы;
- 4) заңнамада белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтау мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;
- 5) қылмыстық жазаларды және әкімшілік жазалауларды орындау;
- 6) сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінде және әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында заңдылықты, құқық тәртібін қамтамасыз ету және ұстау режимін сақтап тұру;
- 7) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- 8) сотталған адамдардың түзелуін ұйымдастыру;
- 9) кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуы мен құқық бұзушылығын анықтау және олардың жолын кесу;
- 10) қажет болған жағдайларда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;
- 11) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік бақылау;
- 12) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау;
- 13) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылау;
- 14) күзет қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, орнатуды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін мемлекеттік бақылау;
- 15) мемлекеттік және өзге де объектілерді күзету, қамауға алынған және сотталған адамдарды айдап апару, кепілге алынған адамдарды босатуға қатысу;
- 16) виза жұмысын жүргізу, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу қағидаларын сақтауын бақылау;
- 17) Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалауды, дайындауды және беруді жүзеге асыру;
- 18) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен азаматтарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыру;
- 19) босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 20) соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;
- 21) өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитариялық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресуде жәрдем көрсету;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялық және рұқсат етушілік қызметті жүзеге асыру;

23) Қазақстан Республикасының айрықша маңызды және айрықша режимді объектілерінде, аумақтарында режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру;

24) ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

25) есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

26) «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану құқығымен терроризмге қарсы операция жүргізуге және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу болып табылады.»;

2) 4-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Ішкі істер министрлігі), оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, кенттік, желілік ішкі істер органдары және қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелері, ішкі әскерлер, білім беру ұйымдары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.»;

3) мынадай мазмұндағы 5-2-баппен толықтырылсын:

«5-2-бап. Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі

1. Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесі) – қылмыстық жазалардың атқарылуын және тергеу изоляторларында күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстауды қамтамасыз ету бойынша атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың жүйесі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын:

1) уәкілетті орган (орталық атқарушы органның ведомствосы);

2) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары;

3) жазаларды атқаратын мекемелер мен органдар:

қылмыстық-атқару инспекциялары;

түзеу мекемелері;

4) тергеу изоляторлары;

5) ғылыми-зерттеу, емдеу-профилактикалық ұйымдары мен білім беру ұйымдары;

6) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыруға және сотталған адамдарды еңбекке тартуға арналған ұйымдар мен олардың құрылымдық

3. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің персоналын:

1) қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлері;

2) қылмыстық-атқару жүйесінде лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер

;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен және органдарымен еңбек қатынасында тұратын қылмыстық-атқару жүйесінің жұмыскерлері құрайды.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мекемелері әкімшіліктерінің және олардың лауазымды адамдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.»;

4) мынадай мазмұндағы 5-3-баппен толықтырылсын:

«5-3-бап. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдарының функциялары

1. Қылмыстық-атқару қызметі саласында Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдары мынадай:

1) соттардың сотталған адамдарға қатысты үкімдерін, қаулылары мен ұйғарымдарын орындау, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазаны өтеудің заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) күдіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстау;

3) соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдарына сәйкес сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне орналастыруды ұйымдастыру;

4) сотталған адамдарға түзеу ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдана отырып жүзеге асыруды ұйымдастыру;

5) сотталған адамдардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің органдарын, сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын күзету;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі шұғыл жағдайды бақылау, персоналдың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айдап апару;

8) сотталған адамдарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, рақымшылық және кешірім жасау актілерін атқару, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының сотталған адамдардың түзелу нәтижелерін нығайту, оларды еңбекке орналастыру және тұрмыстық жайластыру жөнінде басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) жедел-іздікестіру қызметін және анықтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

10) сотталған адамдардың жалпы білім алуы мен кәсіби оқуын ұйымдастыру;

11) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын сақтауды қ а м т а м а с ы з е т у ;

12) қылмыстық-атқару жүйесін дамыту, нығайту мен жетілдіру бағдарламаларын ә з і р л е у ж ә н е і с к е а с ы р у ;

13) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне т а р т у ;

14) персоналдың кәсіби даярлығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

15) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерін үйлестіру функцияларын жүзеге асырады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді іске асырады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне соларда ұсталатын күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталған адамдардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру кезінде азық-түлік өнімдерін, алғашқы қажеттілік заттарын, киім-кешек, аяқ киім, газеттер, журналдар, әдебиет, дәрі-дәрмектер және қосымша емдік-профилактикалық көмек көрсету үшін медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды қосымша сатып алуға, ұзақ мерзімді кездесулер ұсынуға және қосымша емдеу-профилактикалық және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өзге де қызметтер көрсетуге, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушылар үшін қосымша ақылы тұрмыстық қызметтер жасауға ұсынылатын жұмыс пен көрсетілетін қызметтер жатады.»;

5) 6 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган құрады.

Консультативтік-кеңесші органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгі ережемен регламенттеледі.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі

консультативтік-кеңесші орган құрады.

Консультативтік-кеңесші органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгі ережемен регламенттеледі.»;

6) 10 - баптың 1 - тармағы :

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 4-5) және 4-6) тармақшалармен толықтырылсын :

«4-1) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдар мен олардың аумағындағы, сондай-ақ оған іргелес аумақтағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

4-2) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сот үкімімен оларға жүктелген міндеттерді орындауын талап етуге ;

4-3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды тіркеуді, сондай-ақ оларды дактилоскопиялауды, суретке түсіруді, олардың бейне түсірілімін, дыбыс жазбасын жүзеге асыруға ;

4-4) сотталған адамдарды жүргізілетін тәрбиелеу іс-шараларына міндетті түрде қатысуға тартуға ;

4-5) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға алкогольдік ішімдіктерді, уытты, есірткі және психотроптық заттар пайдалану фактілерін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес куәландыру жүргізуге;

4-6) қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасады деп күдік келтірілген адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне іргелес аумақта ұстауға және ішкі істер органдарына жеткізуге, оларды жеке тексеруді жүзеге асыруға;

» ;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстардың алдын алуға, анықтауға және ашуға, ішкі істер органдары жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде, ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында заңнамада белгіленген режимді сақтап тұруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыруға құқығы бар ішкі істер органдарының бөлімшелері мен қызметкерлерінің тізбесін Ішкі істер министрі белгілейді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) қылмыстық-атқару жүйесінде төтенше оқиға жағдайларына қызметтік тексерістер жүргізуге, олардың себептерін анықтауға және талдауға, мұндай жағдайларды болдырмау бойынша шаралар қолдануға;»;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) қылмыстық жазалар мен әкімшілік жазалауларды атқаруға, сотталғандардың, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынғандардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге;»;

7) 1 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) ішкі істер органдарының қызметін жазып-көрсету, қылмыстың мән-жайларын, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды анықтау, тергеуден, анықтаудан, соттан жасырынған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан, қамаудан немесе күзетпен ұстаудан қашқан адамдарды және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру үшін және қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде туындаған өзге де жағдайларда мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін өтеусіз пайдалануға;»;

мынадай мазмұндағы 39-1), 39-2), 39-3), 39-4), 39-5), 39-6) және 39-7) тармақшалармен толықтырылсын:

«39-1) сотталған адамның жеке-психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізуге және түзеу ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолданып ы қ п а л е т у г е ;

39-2) сотталған адамдарды түзеу мекемелерінің кәсіпорындарында немесе басқа да ұйымдарда еңбекке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекақы төленбейтін жұмыстарға тартуға;

39-3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағындағы және режимдік талаптар белгіленген оған іргелес аумақтардағы адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына тексеру жүргізуге, азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге, сондай-ақ тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға;

39-4) көлік қозғалысын уақытша шектеуге немесе тоқтатуға, азаматтарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің аумағына, сондай-ақ оған іргелес аумаққа жібермеуге немесе ерекше жағдайлар режимін енгізу кезінде онда қалуға не ол жерден к е т у г е м і н д е т т е у г е ;

39-5) қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрған адамдарды қадағалауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында олар тұратын тұрғын үй-жайларға, оларға тиесілі жер учаскелеріне, оқу немесе жұмыс орны бойынша кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың өндірістік және өзге де үй-жайларына кедергісіз кіруге;

39-6) есепте тұрған адамдарды қылмыстық-атқару инспекциясына алып келуді ж ү з е г е а с ы р у ғ а ;

39-7) қылмыстық-атқару қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін соттарға, прокуратураға және өзге де органдар мен ұйымдарға жүгінуге құқылы;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнайы құралдар мен атыс қаруын алып жүру, сақтау және қолдану құқығы беріледі. Олар дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға құқылы. Арнайы құралдарды, атыс қаруы мен дене күшін қолдану тәртібі «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.»;

8) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«34-бап. Ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің шарттарын, тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін нысанды және арнайы киіммен тегін қамтамасыз етіледі.».

11. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж., № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 140-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102 - құжат; № 14, 117 - құжат):

64-баптың 4-тармағындағы «Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің» деген сөздер «Әділет министрлігінің бұрынғы Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің» деген сөздермен ауыстырылсын.

12. «Адамдарды қоғамнан уақытша окшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 6, 190-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; 2009 ж., № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 24, 152-құжат; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 7 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары»;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Заңда көзделген жағдайларда, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды атқаратын қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері (бұдан әрі – жазаларды атқаратын мекеме) мен гауптвахталар күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау орындары болып табылуы мүмкін.»;

2) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары»;»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторлары (бұдан әрі – тергеу изоляторлары) оларға қатысты бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алу қолданылған күдіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған.»;

3) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қамауда және қадағалауда ұстау орындарындағы күдіктілер мен айыпталушылар осы орындардың аумақтарында айдауылдың не болмаса қамауда ұстау орындары қызметкерлерінің ілесіп жүруімен жүріп-тұрады. Қадағалауды жүзеге асыру мақсатында дыбыс және бейне техникалар пайдаланылуы мүмкін.

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасы қылмыстық атқару жүйесінің уәкілетті органы айқындайды.»;

4) 4 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Дүлей апаттар, жұқпалы аурулар, індеттер, ауқымды өрт ошақтары, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріндегі ірі апаттар, күдіктілер мен айыпталушылардың жаппай тәртіпсіздігі немесе бағынбаушылығы жағдайларында не болмаса қамауда ұстау орнына қарулы шабуыл жасаудың нақты қаупі болған кезде Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен келісілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Қорғаныс министрінің шешімі бойынша тиісті қамауда ұстау орындарында отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ерекше жағдай режимі енгізіледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Күдіктілер мен айыпталушылардың және өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, қамауда ұстау орны әкімшілігінің басшысы тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына, Қорғаныс министріне, Бас прокурорына, аумағында қамауда ұстау орны орналасқан ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі, ұлттық қауіпсіздік органдарының бастықтарына дереу хабарлай отырып, осы баптың 2-тармағында көзделген шараларды дербес енгізе алады.».

13. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 118-құжат):

1) 3-баптың 6), 6-1) және 6-2) тармақшалары алып тасталсын;

2) 4-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

3) 5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

« 1) м ы н а л а р д ы :

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігін;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің комитеттерін;

аумақтық әділет органдары мен мекемелерін;

атқарушы іс жүргізу органдарын қамтитын әділет органдарынан;»;

4) 7-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

5) 10, 11-баптар алып тасталсын;

6) 12-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

7) 12-1-бап алып тасталсын;

8) 1 7 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Әділет органдарының сот-сараптама қызметі және

әкімшілік іс жүргізу саласындағы функциялары»;

5) тармақша алып тасталсын;

9) 20-бап алып тасталсын;

1 0) 2 3 - б а п т а :

1-тармақтың 6) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

11) 24-1-бап алып тасталсын;

12) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Әділет органдарының кадрлары

Әділет органдарының кадрларын әділет органдарының мемлекеттік қызметшілер болып табылатын қызметкерлері, сондай-ақ олармен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттелетін өзге де адамдар құрайды.»;

13) 26, 27, 28, 29, 31-баптар алып тасталсын;

14) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«33-бап. Әділет органдарын қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Әділет органдарын қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.».

14. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9 -10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102 - құ ж а т ; № 14 , 117 - құ ж а т) :

15-баптың 1-тармағындағы «әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің,» деген сөздер «Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдарының,» деген сөздермен ауыстырылсын.

15. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж. № 18, 105-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 22, 130-құжат, № 24, 149-құжат, № 24, 152-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 6-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесіне ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдары, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар кіреді.

2. Ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдарында және жергілікті атқарушы органдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жөніндегі жекелеген функцияларды жүзеге асыратын мекемелер құрылуы мүмкін.»;

2) 10-баптың 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«6) қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына сотталған кәмелетке толмағандардың өмір салтын және мінез-құлқын бақылауды қамтамасыз етеді;

7) балаларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына кері әсер ететін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабының тәртібімен жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталған әйелдерге қатысты материалдарды дайындайды;»;

3) 17-бап алып тасталсын;

4) 19 - 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Профилактикалық есепке алуды ішкі істер органдары жүргізеді;»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ішкі істер органдары кәмелетке толмаған адамға қорғау нұсқамасы шығарылған күні не соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде профилактикалық есепке қойылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлайды.».

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Профилактикалық есепке алуды жүргізу Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.».

16. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 8, 40-құжат; № 24, 149-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 11-1) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) сотталған адамдардың, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында профилактикалық және жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз е т е д і ;

11-2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес сотталған адамдармен тәрбие жұмысын жүргізеді;»;

2) 9-баптың 3), 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

3) 28 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Профилактикалық есепке алуды ішкі істер органдары жүргізеді.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ішкі істер органдары адамға қорғау нұсқамасы шығарылған күні не соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде профилактикалық есепке қойылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлайды.».

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Профилактикалық есепке алуды жүргізу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.».

17. «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 4-құжат; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Құқық қорғау органдары

Құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының прокуратура, ішкі істер, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, кеден органдары жатады.»;

2) 22-баптың 3-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ішкі істер органдарына – «полиция», «әділет»»;

4 тармақша алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 45-1-баппен толықтырылсын:

«45-1-бап. Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарудың ерекше жағдайлары

1. Қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет атқарудың ерекше жағдайлары деп төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы режимінің енгізілуі, күдіктінің, айыпталушының және сотталған адамның қашуы, адамдардың кепілге алынуы, жаппай тәртіпсіздіктер, топтасып бағынбаушылықтар кезіндегі не оларды жою үшін қажетті мерзім ішінде осылардың туындау қаупі төнген кездегі мекеме персоналының жұмысы т ү с і н і л е д і .

2. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары қызметкерлерінің қызмет атқарудың ерекше жағдайлары режиміндегі жұмысы үш айдан аспауға тиіс және демалыс күндерін берумен өтеледі. Қызметкерлерді қызмет атқарудың ерекше жағдайларындағы жұмысқа тартудың тәртібі мен шекті ұзақтығы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.»;

4) 69-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің туберкулезге қарсы мекемелер мен басқа да мамандандырылған учаскелерде және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қызмет атқаратын қызметкерлеріне осы санаттағы медицина

қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер қолданылады.».

2-бап. Осы Заң 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін, 1-баптың 3-тармағы 7) тармақшасы екінші абзацының электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзуға (бүлдіруге) қатысты бөлігін, 8) тармақшасының екінші, бесінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК